4 Құжат



6 Ерекше әдіспен өндірілген мал азығы



5 желтоқсан, бейсенбі 2024 жыл

# Сыр бойы

95 жыл

№187 (20861)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

САПАР

## КОМПАНИЯ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Бұған дейін хабарлағанымыздай, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Италияға жұмыс сапары кезінде Рим қаласындағы бірқатар инвесторлармен кездесті. Алдымен «Confindustria» ассоциациясының вице-президенті Витторио Майоранамен жүздесіп, өңдеу өнеркәсібі саласында бірлесіп жұмыс жасауға дайын екенін айтты.

– Біз «Confindustria»-ның тарихы бір ғасырдан асатынын білеміз. Қауымдастық құрамында кеңею, Қазақстанға орналасу, жаңа нарыққа шығу бағытындағы компаниялар болса, бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз. Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, құрылыс материалдарын, мұнай өндірісіне қажетті тауарлар шығару, жылыжай салу, машина жасау, тері және жүн өңдеу сияқты салаларда бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз. Серіктес қажет болған жағдайда, аймақта кәсіпкерлер бар. Таныстырып, іс бастауға қолдан келгенше көмек көрсетеміз. Біз әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беріп, Қазақстандағы даму институттарынан қаржылай көмек алу үшін құжат әзірлеуді сүйемелдеуге дайынбыз. Сондай-ақ «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жобаларға қаржылай көмек көрсетуге мүмкіндігіміз бар, – деді Н.Нәлібаев.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы клиникалық диагностика мен медициналық құрылғыларға арналған өнімдерді әзірлейтін «SGM Italia» компаниясының басшысымен кездесті. Іскерлік кездесу барысында медицина саласындағы инвестициялар үшін негізгі бағыт айқындалды. Оның ішінде Қызылорда облысында биохимиялық ерітінділер мен реагенттердің жергілікті өндірісін ашу мәселесі талқыланды.

Айта кетейік, облыста биохимиялық ерітінділер және реагенттермен жұмыс істейтін бірнеше ірі зертхана бар. Атап айтқанда, өңірде «Олимп» зертханасының 18 филиалы, «Invivo» зертханасының 20 филиалы орналасқан. Олар клиникалық диагностикамен белсенді айналысады және жоғары сапалы реагенттерді қажет етеді.

Сондай-ақ аймақ басшысы «Sace» экспорттық-кредиттік агенттігінің президенті Филипо Джансатемен кездесті. Онда ауыл шаруашылығы, тері, жүн өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары, мұнайға қажетті тауарлар, денсаулық сақтау, инфрақұрылым, су ресурстары және көлік-логистика салаларындағы бірқатар тартымды жобалар ұсынылды.

2-бет

ИГІЛІК

## ЫСТЫҚ СУ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

Ыстық су қала тұрғындары үшін өзекті мәселенің бірі болатын. Биылдан тұрғын үйлер ыстық сумен қамтыла бастады. Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілген баспасөз турында көпшіліктің пікірін білген едік.

Мемлекет басшысының қолдауымен Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлерді орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар басталған болатын. Ыстық су жүйесіне қосылуда тұрғындардан шығын шықпайды, мердігер мекеме тарапынан жүзеге асырылып жатыр.

Сала мамандарының айтуынша, ыстық сумен қатар суық суға да насос қойылуда. Соның арқасында жоғары қабаттарға су көтерілмеу мәселесі оң шешімін таппақ. Басты артықшылығының бірі, құрылғы толығымен автоматтандырылған.



Бүгінге дейін қала тұрғындары ыстық суды электр немесе газбен жылытатын құрылғылар арқылы пайдаланып келді. Ыстық су кіргізу әр тұрғынның өз еркінде. Орнатып беру тегін. Желіні жүргізгенде сапасы жоғары материалдар, танымал европалық өндірушілердің жабдықтары қолданылады. Бұл ыстық су жүйесінің сенімді және үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

– Өздеріңіз білесіздер, облыс тұрғындарын ыстық сумен қамтуға Үкіметтен қомақты қаржы бөлінді. Пәтерлерге ыстық су беріле бастады. Бұл жұмыстар келесі жылы да жалғасын табады. Жүйенің көп артықшылығы бар. Судың да



сапасы жоғарылайды. Сыртқы температураға байланысты ыстық суды құрылғы өзі реттейді. Бұл тұрғындар үшін де тиімді болмақ, – дейді «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ төрағасының кеңесшісі М.Кәрімбаев.

Үйіне ыстық су келген Нұрлан Әбиев «Астана» шағын ауданында тұрады. Жаңалыққа жаны жадырап, қуанып қалғанын жеткізді.

– Ыстық суды қалағанымызша пайдаланып, рахатын көріп отырмыз. Жағдайымыз жылдан-жылға жақсаруда. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа және мекеме басшыларына мың да бір рахмет айтамын, – дейді ол.

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

ДЕНСАУЛЫҚ

## ӨЗ ҒИМАРАТЫНА КӨШКЕН ОРТАЛЫҚ

Қызылордадағы денсаулық сақтау инфрақұрылымы жаңа нысандармен толығып келеді. Сырдың сол жағалауынан орын тепкен жаңа «Қан орталығы» – соның бірі. Биыл жазда халық игілігіне берілген медициналық нысан бүгінде қарқынды жұмыс істеуде.

Облыстық қан орталығы қаладағы және жеті аудандағы 17 медициналық ұйымды қан өнімдерімен қамтамасыз етеді. Жылына орта есеппен 13 000-нан астам тұрғын қан тапсыруға ниеттенеді. Соның ішінде 10 000-нан астамы қан тапсырады. Қалғандары денсаулығына байланысты және әртүрлі себеппен қан тапсырудан шеттетіледі. Былтыр донорлардан 8980,5 литр қан дайындалған, олар емдеу мекемелерінің сұранысы бойынша жіберіліп отырады. Мәселен, былтыр 8242 доза құрамында эритроциттері бар өнімдер, 5695 доза жаңа мұздатылған плазманың барлық түрі, 2967 доза тромбоцит, 187 доза криопреципитат, 183 доза лейкоциттік масса берілген.

– Бұған дейін «Қан орталығының» өз алдына жеке ғимараты болған жоқ. Облыстық көпбейінді аурухананың бір бөлігінде орналасқан еді. Жұмыс барысында орын тапшылығы сезілетін, санитарлық ереже мен норма талаптарына сәйкес келмейтін. Мәселен, инфекцияларды диагностикалау зертханасы, қанды тестілеу, сапаны бақылау, зарарсыздандыру бөлімшелері бір бөлмеден тұрды. Медициналық жабдықтар да өте тығыз орналасты.

Ал санитарлық ереже мен норма талаптарына сәйкес 8-10 мың литр консервіленген қан дайындалатын орталықтағы инфекцияларды диагностикалау зертханасында 17 бөлме, клинико-биохимиялық зертханада 10 бөлме, изоиммунологиялық зертханада 12 бөлме, сапаны бақылау бөлімшесінде 19 бөлме болуы қажет. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау аясында және облыс әкімінің бастамасымен орталық жаңа заманауи ғимаратқа көшті, – дейді облыстық қан орталығының директоры Серік Игенбаев.

Жылына он мың адамға қызмет көрсете алатын нысанның аймақ үшін маңызы зор. Өйткені мемлекеттің негізгі мақсаты – ұлт денсаулығын сақтау. Ұлт денсаулығы – еліміздің даму кепілі.

Айта кетейік, құрылысқа республикалық бюджеттен 2,7 млрд теңге бөлінген. Заманауи, зәулім ғимарат барлық талаптарға сай жарақтандырылған. Сонымен қатар 913 млн теңгеге заманауи үлгідегі медициналық құрылғылар, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қанның инфекциялардан таза, таза еместігін тексеретін соңғы үлгідегі заманауи автоматтандырылған ИФА, ПЦР аппараттары бар. Орталықта 96 қызметкер еңбек етеді.

– Жаңа ғимаратқа көшуіміз трансфузиялық терапияның сапасын және халықаралық тәжірибеге сай облыстық қан құю қызметін құру, науқасқа құйылатын қан және оның компоненттерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға мол мүмкіндік берді, – дейді Серік Қуандықұлы.

**Айнұр БАТТАЛОВА,**
**«Сыр бойы»**







Суреттерді түсірген Нұрболат Нұржаубай

ЕҢБЕК АДАМЫ

## ҚАРТ БАҒБАННЫҢ БЕРЕКЕСІ



Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр ауылында Гажденбек Іздіқұлов деген бағбан ата тұрады. Оны ауылдастары ерекше құрметтейді. Олай дейтініміз зейнетке шыққанға дейін мал баққан ақсақал ауылды өркендету жолында үздіксіз еңбек еткен. Ауылға жолымыз түскенде қарт бағбанның берекелі ісін көріп едік.

6-бет

## БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ: АШЫҚ, ҚОЛЖЕТІМДІ, ЫҢҒАЙЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды, сол арқылы бәсекеге қабілетті, экономикасы өсіп-өркендеген, қуатты елге айналу қажеттігін айтып, нақты міндеттер қойып келеді. Бұл бағытта кәсіп ашып, жұмыс істеймін деген азаматтарды қолдаудың, оларға бағыт-бағдар берудің маңызы зор. «Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек. ... Соңғы жылдары қабылданған шаралардың арқасында шағын және ірі бизнес тұрақты дами бастады. Алайда орта кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де бәсең. Жаңа экономикалық үлгіге көшу үшін оны «қолмен көтеруге» тура келеді. Бәсекелестік дамымаса, бизнес те өркендемейді. Бұл – айдан анық. Қазір негізгі салалардың көбінде бірнеше ірі кәсіпорын басымдыққа ие болып отыр. Бұл жағдай нарықтағы шынайы ахуалды көрсете алмайды» деп атап айтты Президент былтырғы Жолдауда.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-на ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге





Валюта бағамы $ 523,17 kzt € 550,06 kzt ₽ 4,93 kzt

Ауа райы $+2^{0}$ $+4^{0}$ $0^{0}$ $+2^{0}$

# КОМПАНИЯ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Айта кету керек, 29 қазан күні екі елдің ынтымақтастық жөніндегі 9-шы жұмыс тобының отырысында «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ мен Италияның CDP ұлттық даму институты арасында 200 млн еуро көлемінде кредиттік келісімге қол қойылды. Қаржыландыру «Қазақстанның Даму Банкіне» «Sace» экспорттық-кредиттік агенттігі тарапынан кепілдік беру арқылы жүзеге асырылады. Бұл қаражат елдің тұрақты дамуына ықпал ететін экономиканың негізгі салаларын дамытуға бағытталмақ.

Сонымен қатар, аймақ басшысы «Ansaldo Energe» компаниясының басшысы Фабрицио Фаббримен кездесіп, өңірдегі энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобаларды талқылады. Электр энергиясын тұтыну қарқыны мен энергетикалық инфрақұрылымды дамыту маңыздылығы ескеріліп, түркиялық «Aksa Energy» компаниясы қуаттылығы 240 МВт жаңа жылу-электр орталығын салуда. Бұл облыстың электр энергиясына қажеттілігін толығымен жауып, Қызылорданы импорттаушыдан экспорттаушы өңірге айналдырады. Жаңа нысан энергетикалық қауіпсіздікті сақтауға және тарифті тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Жоба 2025 жылы іске қосылады.

Мемлекет басшысының биылғы ақпан айында Катарға жасаған іссапары аясында бірқатар құжаттарға қол қойылды. Соның бірі – Қызылорда облысында қуаттылығы 1100 мегаваттық бу-газ электр станцияларын салу. Жобаны 2024-2029 жылдары іске асыру, «Қызылорда-Шымкент», «Қызылорда-Жезқазған» бағыттары бойынша жаңа электр желілерін тарту жоспарлануда.

Кездесу соңында аймақ басшысы инвесторларды Сыр еліне арнайы іссапармен келуге шақырды.

1-бет

# ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірі делегациясы Флоренция қаласындағы тері өңдейтін өнеркәсіп қауымдастығының жұмысымен танысты. Санта-Кроче-суль-Арно ауданындағы зауыттар негізінен аяқкиім тігуге арналған былғары өңдеумен, киім, жиһаз және басқа да өндіріспен айналысады. Өз өнімдерін әлемнің 122-ден астам еліне экспорттайды.

Ауданда тері өндірісінің шамамен 35%-ы және аяқкиім өндірісінің 98%-ы шоғырланған. Былғары өндірісі тізбегінде 600-ге жуық кәсіпорын бар, оларда 8000-нан астам адам жұмыс істейді.

Облыс әкімі «Aldo Gliozzi» қауымдастығының басшысы Эцио Кастелланимен мал терісін экспорттау және аймақта былғары өңдеу өндірісін дамыту бағытында келіссөздер жүргізді.

– Бірінші кезекте Қызылорда облысы мен Италия арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы бүгінгі кездесуге қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіремін.

Қызылорда облысы экономикасының ауқымды бөлігін тау-кен саласы құрайды. Негізінен мұнай өндіріледі, сонымен бірге, агроиндустриалды аймақ. Өңірде атқарылған жұмыстар нәтижесінде өңдеу өнеркәсібінің өсімі бойынша республикада бірінші орындамыз.

Елімізде және өңірімізде мал басы жыл сайын артып келеді. Кейінгі жылдары біздің облыстың өзінде екі миллионнан астам мал тіркелген. Осы ретте тері және жүн өңдейтін кәсіпорындарды дамыту керек. Жалпы алғанда, аймақ нарығын қамтуға және алыс-жақын шетелдерге экспорттауға мүмкіндік бар.

Қызылорда облысының инвестициялық әлеуетін ескеріп, тері, жүн өңдеу саласында бірлесіп жұмыс жасауға дайынбыз.

Серіктес қажет болған жағдайда, өз салаларында жетістікке жеткен кәсіпкерлер сіздермен келіссөздер жүргізуге, тәжірибе алмасуға арнайы іссапармен келді, – деді Н. Нәлібаев.

Өңірде негізінен ет бағытындағы, ірі қылшықты жүнді және қаракөл қой тұқымдары аудандастырылған. Жобаларды іске асыруға шикізат қоры жеткілікті. Облыс бойынша өткен жылы 848,6 тонна жүн және 215,1 мың дана тері өндірілген.

Жаңа жобаларды орналастыру үшін дайын инфрақұрылымы мен 300 гектардан астам жер учаскесі бар 6 индустриялық аймақ жұмыс жасайды.

Өз кезегінде Эцио Кастеллани екіжақты әріптестікке қолдау білдіріп, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік қарастырылатынын айтты.

Аймақ басшысы әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімі берілетінін, Қазақстандағы түрлі даму институттарынан қаржылай көмек алу үшін құжаттар сүйемелденетінін жеткізді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ: АШЫҚ, ҚОЛЖЕТІМДІ, ЫҢҒАЙЛЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес республикада, оның ішінде біздің өңірімізде де кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мекемелер құрылып, ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Соның бірі – «Бизнеске арналған үкімет» мекемесі.

Аталған мекеме аймақта кәсіпкерлерге қажетті кеңес беріп, жобаларын сүйемелдеу бағытында жемісті жұмыс жасауда. Ол «бір терезе» қағидаты бойынша бизнесті қолдау мен дамытудың барлық шараларын бір жерден көрсетеді.

Директордың орынбасары Нұржан Тоқмұрзаның айтуынша, мекеме 2016 жылы облыс әкімінің қаулысына сәйкес «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» болып құрылып, 2017 жылы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жанынан «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» болып өз жұмысын бастаған. 2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде барлық өңірлерде «Бизнеске арналған үкімет» жобасын жүзеге асыру туралы тапсырма берілді. Осыған байланысты сол жылдың мамыр айында облыс әкімінің қаулысымен «Бизнеске арналған үкімет» КММ болып қайта аталып, жобаға сай жаңа форматта жұмыс істей бастады.

Қазіргі кезде «Бизнеске арналған үкімет» ақысыз негізде облыс кәсіпкерлеріне 7 бағыт бойынша 70 қызмет түрін көрсетеді. Оның 32-сі – мемлекеттік, 30-ы – электрондық мемлекеттік қызметтер.

– Кәсіпкерлерге қызмет көрсету барысында облыстағы 86 мемлекеттік мекеме, квазимемлекеттік ұйымдар және монополист субъектілерімен жұмыс жасаймыз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, 2017 жылдан бері облыс кәсіпкерлеріне қызмет көрсетілуде. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2017 жылы 4 бағытта 40 қызмет түрі бойынша 2439, 2018 жылы 7 бағытта 60, 2019 жылы 9 бағытта 68, 2020 жылы 10 бағытта 89, 2021 жылы 10 бағытта 90, 2022 жылы 7 бағытта 83 түрі бойынша 19592, былтыр 7 бағытта 70 түрі бойынша 20525, ал биыл 7 бағытта 70 түрі бойынша осы уақытқа дейін 19951 қызмет көрсетілді, – дейді Нұржан Жәнібекұлы.

Мекеменің негізгі бағыттарының бірі – техникалық шарттар алу бойынша монополист мекемелермен, атап айтқанда, «Қызылорда су жүйесі», «Қызылорда жылу-электр орталығы», «Қазсушар», «Сыр суы» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы, «QazTransGazAimaq» секілді монополия субъектілерінің барлығымен меморандум жасалған. Айталық, бұрын монополистерге барған кәсіпкер нысанын іске қосу үшін кәдімгі техникалық шартты алуға бір айға жуық уақыт жұмсауы мүмкін еді. Меморандум аясында мекеме кәсіпкерге керекті техникалық шарттарды 5 күн ішінде алып бере алады. Бұл бірлескен жұмыс монополия мекемелеріне де өте тиімді. Республика бойынша осы бағыттағы қызмет жөнінен «Бизнеске арналған үкімет» мекемесі үздік үштік қатарында. Мекемеде көрсетілетін қызмет түрлері жыл санап көбеюде. Оған салаға тұрақты талдау жасап, кәсіпкерлермен жиі кездесулер ұйымдастыру, өзге өңірлермен тәжірибе алмасу іс-шаралары ықпал етуде.

Бүгінде мұнда 23 адам қызмет етеді. Облыс орталығы және барлық аудандарда өкілдері бар.

– Біз – қызмет көрсетуші мекемеміз. Кәсіпкер мекемеге өзінің атынан сенімхат береді. Өкілі ретінде мекеменің қызмет көрсету бағыттары бойынша тиісті мекемелерге барып, сүйемелдеу жасаймыз.

Ең танымал қызмет түрі – бизнес-жоспар. Түрлі мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік гранттарға қатысу үшін бизнес-жоспарды тегін жасап береміз. Қазіргі уақытта ақылы қызметке жүгінсе, ең қарапайым бизнес-жоспарды орта есеппен 50 мың теңгеге жасайды. Ал біздің тарапымыздан бұл қызмет тегін көрсетіледі. Мысалы, биыл қараша айына дейін 1434 бизнес-жоспар жасап бердік. Олардың ішінде кәсіпкерлер, қызметін енді бастағандар да бар. Тағы бір айта кетерлігі, біз арқылы іс бастағысы келгендер кәсібін тіркей алады. Салық саласына қатысты 17 қызмет түрін көрсетеміз. Сөйтіп әрі қарай сүйемелдей береміз. Мысалы, бірер жыл бұрын тіркелген кәсіпкер кейін техникалық шарт алуға, жаңа нысан құрылысын бастауға келеді. Біразы бүгінде үлкен жобалармен жұмыс жасап, қызмет аясын кеңейтіп жатыр. Олардың қалыптасу кезеңі көз алдымызда.

Облыстың барлық кәсіпкерлеріне сапалы қызмет көрсету – біздің ұжымның басты мақсаты мен міндеті. Жыл басынан бері мекеме 20 мыңға жуық қызмет көрсетті. Тіпті жарнама эскизін жасау бойынша да көмек берудеміз. Дизайнерлік қызметі де тегін. Оған қоса, бүгінде кәсіпкерлікті қолдау саласындағы «Бизнеске арналған үкімет», «Өңірлік инвестиция орталығы», «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «Аграрлық несие корпорациясы» филиалы, осылардың барлығы бір ғимаратта жұмыс жасауда. Бұл кәсіпкерлерге тиімді болу үшін жасалып отыр. «Бизнеске арналған үкімет» бірыңғай офисінде кәсіпкерлер өз бизнесін дамыту, құзыретін арттыру мен қаржыландыру мәселесі бойынша барлық қызметтер мен кеңес ала алады. Соның арқасында бизнес өкілдері бұрынғыдай мемлекеттік органдардың табалдырығын тоздырмайды. Бұл дегеніміз – бизнесті қолдау, – дейді Нұржан Тоқмұрза.

Қорыта айтқанда, «Бизнеске арналған үкімет» ашықтық, қолжетімділік және ыңғайлылықты қамтамасыз етуде.

**Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»**

1-бет




# ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2004 жылы Қазақстан адам саудасына қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияға қол қойды. Сол кезден елімізде тиісті заңнамалық база жасалып, үкіметтік емес ұйымдар халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта белсенді жұмыс істей бастады. Солардың бірі – қиын жағдайға ұшыраған немесе адам саудасының құрбаны болған жандарға көмектесетін «Кіші кәсіпкер әйелдер қоғамы» қоғамдық бірлестігі 2017 жылы орталық құрды. Онда көмекке мұқтаж жандар қажетті заңгерлік және психологиялық көмек алады.



Ашық дереккөз негізінде дайындаған Қ.Оразбаев

Жыл басынан бері бірлестік облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен бірге адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жобасын іске асыру бойынша жұмыс жасап келеді.

Осыған орай сол жағалаудағы Жастар ресурстық орталығында «Мигранттардың құқықтары: негізгі проблемалар мен шешімдер. Мигранттарда кездесетін құқықтық аспектілерді, оларды қорғау әдістерін талқылау» тақырыбында кездесу өтті.

Кездесуге Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыс бойынша өкілі Дәурен Шәріпбаев, облыстық полиция департаменті көші-қон қызметі басқармасы басшысының орынбасары, полковник Сағындық Камитбеков, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы нысаналы топтарды әлеуметтік қорғау бөлімінің бас маманы Оралхан Бәкида және еңбек мигранттары қатысты. Іс-шараның мақсаты – мигранттардың құқықтары мен бостандықтары және оларды қорғау шараларын ұйымдастыру.

«Кіші кәсіпкер әйелдер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Салтанат Сыздықованың айтуынша, мұндай кездесулер мигранттар мен мемлекеттік органдар арасындағы мәміле үшін өте қолайлы. Мұнда шетелден келген мигранттар өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, құзыретті орган өкілдерінен жауап ала алады.

– Біздің ұйым қиын жағдайға тап болған мигранттарға және адам саудасының құрбаны болған жандарға көмек көрсетеді. Сондай-ақ еңбекші мигранттардың құқықтық сауаттылығы, жұмыс берушімен ара-қатынасы, жұмыс жағдайы және олардың қызметтерін заңдастыру мәселелерін қарастырады. Ел экономикасының дамуы мен халықтың әл-ауқатының артуы ең алдымен Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстаннан мигранттардың көптеп келуіне түрткі болды. Десек те, олардың қызметі көбіне экономиканың «көлеңкелі» тұсында қалып отыр және көбінің мәртебесі айқындалмаған. Міне, осындай қиындыққа тап болған жандарға көмек қолын созу үшін арнайы орталықтар қажет, – деді ол.

Ал Дәурен Шәріпбаев елімізде мигранттардың құқықтары заңнамалық деңгейде қорғалғанын атап өтті. Алайда қиындыққа тап болмас үшін шетел азаматтары сол елдің заңдарын қатаң сақтауы тиіс.

– Қазіргі кезде біздің елде және өзге елдерде адам саудасы әлі де бар. Сондықтан сақтық шараларына мән беру керек. Бұл тұрғыда үкіметтік емес ұйымдар жүргізетін профилактикалық жұмыс өте маңызды. Өйткені, жастар тәжірибенің аздығынан қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Егер қоғам болып осы мәселенің шешілуіне атсалыссақ, кем дегенде оның салдарын азайта аламыз, – деді ол.

Одан соң Сағындық Камитбеков ресми деректерге сүйеніп, жыл басынан бері облысқа келген мигранттар туралы ақпарат берді.

– 10 айда 18 670 шетелдік азамат уақытша тіркелген. Басым көпшілігі ТМД елдерінен, оның ішінде 340 азамат жақын және алыс шетелдерден келген. Көші-қон заңнамасына сәйкес 3 мыңнан астам құқықбұзушылық тіркелді. Сондай-ақ шетелдік азаматтарға қатысты заңнаманы бұзғаны үшін 764 хаттама толтырылып, 146 азаматқа қатысты шетелдік жұмыс күшін заңсыз тартқаны үшін тиісті шаралар қабылданды. Елден 87 шетелдік азамат шығарылды, ал 28 шетелдік тұрақты тұруға өтініш берді, – деді.

Негізі мұндай қиындықтарға ұшырамас үшін заңға қайшы келетін әрекеттерден аулақ болу керек. Бұл басқа елдерден келген мигранттарға ғана емес, шетелде жұмыс істеуге ниетті қазақстандықтарға да қатысты.

– Қазіргі уақытта халықты адам саудасының тәуекелдері туралы ақпараттандыру аса өзекті. Ірі қалаларда ғана емес, шағын елді мекендерде де түсіндіру жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Қазақстан үшін мигранттарды интеграциялау мәселесі өзекті. Өйткені, 2000 жылдардың басынан бастап ел Орталық Азия республикаларынан келген еңбек мигранттары үшін жайлы болды. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының тұжырымдамасы ел шеңберінде халықтың оңтайлы қоныстануын реттеу, этникалық және еңбек көші-қонын басқару мәселелеріне бағытталған. Негізінен әлеуметтік мекемелер мен құқық қорғау органдарының және үкіметтік емес ұйымдардың қиын жағдайға тап болған азаматтарды қолдау, олардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі атқарылып жатқан жұмыстарды әлі де пысықтау керек, – деді Оралхан Бәкида.

Бүгінде мигранттар мәселесімен үкімет қана емес, қоғамдық ұйымның айналысатыны қуантарлық жағдай. Бұл – аса маңызды мәселе қоғамдық қолдаумен шешілетін жағдайға жетті деген сөз. Кездесу соңында жауапты сала мамандары мигранттарға қатысты туындаған мәселелерді кейінге қалдырмай, қажетті бастама көтеру керектігін айтты.

**Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»**

ЖОБА

# Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына және «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Заңының 21-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі бекітілсін.
2. «Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №28 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7411 нөмірімен тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
3. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Н. Нәлібаев**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «___» _________ № _____ қаулысына қосымша

Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

| р/с | Ескерткіштің атауы | Ескерткіштің түрі | Ескерткіштің орналасқан жері және координаттары |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | Арал ауданы | |
| 1 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Ақеспе ауылынан солтүстікке қарай 3 шақырым (N 46°49'17,94» E 060°32'11,36») |
| 2 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Алтықұдық ауылынан шығысқа қарай 1 шақырым (N 46°45'43,80» E 061°44'55,38») |
| 3 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Алтықұдық ауылынан шығысқа қарай 1 шақырым (N 46°45'38,38» E 061°45'00,94») |
| 4 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Арал қаласынан батысқа қарай 40 шақырым (N 46°47'23,80'' E 061°07'59,30») |
| 5 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-II мыңжылдықтар | археология | Жақсықылыш қыратынан солтүстік-батысқа қарай 3 шақырым (N 47°08'32,4» E 061°09'15,3») |
| 6 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-II мыңжылдықтар | археология | Көнту теміржол стансасынан шығысқа-солтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым (N 46°57'30,13» E 061°30'38,83») |
| 7 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Сапақ стансасынан солтүстік-шығысқа қарай 1 шақырым (N 46°36'53,87» E 061°48'46,34») |
| 8 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Сапақ стансасынан солтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым (N 46°36'48,77» E 061°48'58,34») |
| 9 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Сексеуіл стансасынан солтүстікке қарай 6 шақырым (N 47°09'15,43» E 061°08'40,96») |
| 10 | Жалғыз ағым I неолиттік тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Жалғыз ағым (№ 86 бекет) теміржол бекетінен шығысқа қарай 1,5 шақырым (N 46°50'31,87» E 061°37'30,09») |
| 11 | Жалғыз ағым II неолиттік тұрағы, б.д.д. III-II мыңжылдықтар | археология | Жалғыз ағым (№ 86 бекет) теміржол бекетінен шығысқа қарай 1,5 шақырым (N 46°50'30,69» E 061°37'34,01») |
| 12 | Жалғыз ағым III неолиттік тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Жалғыз ағым (№ 86 бекет) теміржол бекетінен шығысқа қарай 1,5 шақырым (N 46°50'26,39» E 061°37'40,64») |
| 13 | Жалғыз ағым IV неолиттік тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Жалғыз ағым (№ 86 бекет) теміржол бекетінен шығысқа қарай 1,5 шақырым (N 46°50'25,21» E 061°37'43,56») |
| 14 | Қола дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-II мыңжылдықтар | археология | Арал қаласынан шығысқа қарай 8 шақырым (N 46°47'44,81» E 061°41'51,29») |
| 15 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Арал қаласынан шығысқа қарай 7 шақырым (N 46°47'39,53» E 061°42'03,96») |
| 16 | Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, б.д.д. IV-III мыңжылдықтар | археология | Арал қаласынан шығысқа қарай 6 шақырым (N 46°47'36,64» E 061°42'13,63») |
| 17 | Аққұмшық қалашығы, қола дәуірі | археология | Арал қаласынан солтүстікке қарай 5 шақырым (N 46º51′56,41″ E 061º39′39,75″) |
| 18 | Араласар қалашығы, XIV ғ. | археология | Қаратерең ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 64 шақырым (N 45º42′35,50″ E 060º18′56,58″) |
| 19 | Тасмола бейіттері, ортағасыр дәуірі | археология | Тастүбек ауылынан солтүстікке қарай 8 шақырым (N 46°39'37,04» E 60°50'18,08») |
| 20 | Көкдомбақ қорымы, XVIII-XIX ғ.ғ. | археология | Ерімбетжаға ауылынан солтүстік-батысқа қарай 10 шақырым (N 47°07'07,01» E 062°04'36,06») |
| 21 | Райым бекінісінің орны, 1847 ж. | археология | Райым ауылынан солтүстік-батысқа қарай 500 метр (N 46°04'18,58» E 061°43'43,04») |
| 22 | Бекетай кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Аққұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 4,9 шақырым (N 46°03'06,1» E 061°16'57,1») |
| 23 | Бәсібек сағана тамы, XVIII-XIX ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Аққұлақ ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым (N 46°06'10,8» E 061°23'12,4») |
| 24 | Рысқал кесенесі, 1902 ж. | қала құрылысы және сәулет | Аманөткел ауылынан оңтүстікке қарай 4 шақырым N 46°04'54,26» E 061°31'49,71») |
| 25 | Байшоқы кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Ақшатау ауылынан солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым (N 46°01'08,55» E 061°35'08,55») |
| 26 | Теміржол вокзал ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Арал қаласы, Теміржол маңы алаңы, 1А (N 46°48'03,28» E 061°40'30,37») |
| 27 | Пұсырманбай кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 6 шақырым (N 45°57'39,7» E 061°19'11,9») |
| 28 | Нияз кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 12,8 шақырым (N 45° 55' 23,97» E 061°12'36,93») |
| 29 | Мәмбетбақы кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 12,8 шақырым (N 45° 55' 25,3» E 061°12'37,2») |
| 30 | Су қыспақты мұнара, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Қамыстыбас теміржол станциясы (N 46° 11' 36,06» E 061°57' 19,15») |
| 31 | Кердері кесенесі, XIV-XV ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Қаратерең ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 67,5 шақырым (N 45°43'25,6» E 060°15'42,5») |
| 32 | Қосаман кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Қосаман ауылынан батысқа қарай 500 метр (N 46°55'44,3» E 060°33'58,5») |
| 33 | Тілеулес ишан кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Құмбазар ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 19 шақырым (N 46°50'40,76» E 061°41'26,84») |
| 34 | Тілеулес ишан мешіті, 1924 ж. | қала құрылысы және сәулет | Құмбазар ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 16 шақырым (N 45°51'48,6» E 061°42'50,5») |
| 35 | Су қыспақты мұнара, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Сапақ станциясы (N 46º37′01,0″ E 061º47′42,7″) |
| 36 | Су қыспақты мұнара, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Сексеуіл станциясы (N 47º05′05,5″ E 061º09′11,2″) |
| 37 | Су қыспақты мұнара, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Шөміш станциясы (N 46º24′32,1″ E 061º52′43,1″) |
| 38 | Ораз ақын кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Шөмішкөл ауылынан шығысқа қарай 4 шақырым (N 45°55'19,20» E 061°44'21,90») |
| 39 | Теміржол вокзалының ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Аралқұм станциясы (N 46°30'03,8» E 061°53'22,0») |
| 40 | Теміржол вокзалының ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Қамыстыбас теміржол станциясы (N 46°11'38,55» E 061°57'16,57») |
| 41 | Насос стансасының ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Сапақ стансасы (N 46°37'00,74» E 061°47'42,27») |
| 42 | Теміржол вокзалының ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Сексеуіл станция, Теміржол маңы алаңы, құрылым 5 (N 47º05′02,05″ E 061º09′14,76″) |
| 43 | Арыстанбаб зираты, IX-XI ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Ақбай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 9 шақырым (N 46°05'04,83» E 061°59'51,48») |
| 44 | Жанназар ишан мешіті, 1904 ж. | қала құрылысы және сәулет | Қамыстыбас ауылы, Қамыстыбас көшесі, 420 (N 46°11'39,91» E 061°56'58,34») |
| 45 | Медет ата кесенесі, XVI-XVII ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Жалаңаш ауылынан оңтүстікке қарай 8,5 шақырым (N 46°34'57,9» E 061°09'07,9») |
| 46 | Есболай-Қотан үйтамы, XVII-XVIII ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Ақбасты ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 43 шақырым (N 46º12′38,66″ E 060º39′23,81″) |
| 47 | Қоңырұлы Өтеулі үйтамы, XVII-XVIII ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Ақбасты ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 45 шақырым (N 46º13′20,87″ E 060º41′34,83″) |
| 48 | Ұябай кесенесі, 1887 ж. | қала құрылысы және сәулет | Абай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 21,5 шақырым (N 47°06'19,38» E 062°32'15,77») |
| 49 | Баспақ кесенесі, XX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сазды ауылынан солтүстік-батысқа қарай 50 шақырым (N 46°47'56,70» E 061°37'05,27») |
| 50 | Бұрынғы теміржолшылар ғимараты, 1910 ж. | қала құрылысы және сәулет | Арал қаласы, Бекмырза хан көшесі, 6А (N 46°48'3,12» E 061°40'30,30») |
| 51 | Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған «Тағзым алаңы», 2005 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесінде орналасқан (N 46°47'52,99» E 061°39'35,52») |
| 52 | Зейнолла Шүкіров ескерткіші, 2007 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 56 (N 47°04'09,15» E 062°10'53,24») |
| 53 | Жалаңтөс Баһадүр ескерткіші, 2009 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласы, орталық стадион алдында орналасқан (N 46°47'32,49» E 061°39'27,56») |
| 54 | Елеу Көшербаев бюсті, 2009 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шижаға ауылы, Шижаға көшесі, 381 (N 46°56'36,65» E 061°36'44,31») |
| 55 | Бүкірек батыр кесенесі, 2010 ж. | қала құрылысы және сәулет | Шижаға ауылынан солтүстікке қарай 47 шақырым (N 47°19'30,12» E 061°31'55,38») |
| 56 | Ақтан батыр және Жанқожа батыр ескерткіші, 2010 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласы, М. Жұмабаев көшесі, 1 (N 46°47'33,41» E 061°38'34,10») |
| 57 | Тарас Шевченко бюсті, 2014 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласы, Қ.Ерімбет көшесі, 15 (N 46°47'57,78» E 061°39'49,69») |
| 58 | Айдарбек батыр ескерткіші, 2015 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласына кіреберісте орналасқан (N 46°49'24,80» E 061°41'09,88») |
| 59 | Төлеген Медетбаев бюсті, 2015 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласы, орталық алаңда орналасқан (N 46°47'49,00» E 061°39'40,56») |
| 60 | Ұзақбай Қараманов бюсті, 2020 ж. | монументтік өнер құрылысы | Арал қаласы, Ұзақбай Қараманов атындағы 262 мектеп-гимназиясының ауласында орналасқан (N 46°48'22,86» E 061°41'08,48») |
| | | Қазалы ауданы | |
| 61 | Әулиетөбедегі зират, XVII ғ. | археология | Бекарыстан би ауылынан батысқа қарай 20 шақырым (N 45°48'47,4'' E 061°20'34,9'') |
| 62 | Кескен Күйік қалашығы, VII-X ғ.ғ. | археология | Бозкөл ауылынан батысқа қарай 22 шақырым (N 45°31'03,09» E 061°27'27,44») |
| 63 | Күйік қала қалашығы, VII-X ғ.ғ. | археология | Кәукей ауылынан батысқа қарай 13 шақырым (N 45°14'50,63» E 061°35'04,49») |
| 64 | Мыңтөбе қалашығы, XII-XV ғ.ғ. | археология | Өркендеу ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1 шақырым (N 45°37'24,1'' E 061°54'42,2'') |
| 65 | Тапа қонысы мен қорымы, қола дәуірі | археология | Тапа елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 1 шақырым (N 46°28'38,24» E 062°38'55,00») |
| 66 | Қаратөбе қалашығы, IX-XI ғ.ғ. | археология | Абай ауылынан шығысқа қарай 500 метр (N45°43'55,27» E062°07'53,46») |
| 67 | Адам ата бекінісі, ортағасыр | археология | Абай ауылынан оңтүстікке қарай 28 шақырым (N45°28'57,71» E062°07'02,68») |
| 68 | Әзілхан ишан мешіті, 1925 ж. | қала құрылысы және сәулет | Ақтан батыр ауылы, Ақтан батыр көшесі, 1 (N 45°47'09,25» E 061°58'25,43») |
| 69 | Теміржол вокзалы ғимараты, XX ғ. басы | қала құрылысы және сәулет | Әйтеке би кенті, Теміржол перроны көшесі, құрылым 3Б (N 45°51'06,64'' E 062°09'28,04») |
| 70 | Қожаназар ишан мешіті, XIX ғ. | киелі объекті | Әйтеке би кенті, Біржан сал көшесі, 109 (N 45°50'52,84» E 062°8'41,14») |
| 71 | Су қыспақты мұнара, XX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Әйтеке би теміржол стансасы (N 45°51'08,1'' E 062°09'18,8'') |
| 72 | 1914-1917 жылдары Ғани Мұратбаев оқыған мектеп ғимараты, 1912 ж. | қала құрылысы және сәулет | Қазалы қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі, 41 (N 45°45'37,06» E 062°5'59,56») |
| 73 | Толыбай батыр кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Бекарыстан би ауылынан солтүстікке қарай 6,7 шақырым (N45°50'43,77» E61°34'05,14») |
| 74 | Базар қожа кесенесі, XX ғ. басы | қала құрылысы және сәулет | Бекарыстан би ауылынан солтүстікке қарай 8 шақырым (N45°51'20,07» E61°34'24,63») |
| 75 | Өтеген кесенесі құлпытасымен, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Жанқожа батыр ауылынан шығысқа қарай 3,5 шақырым (N 45°45'20,44» E 061°51'45,55») |
| 76 | Су қыспақты мұнара, 1902 ж. | қала құрылысы және сәулет | Көбек теміржол стансасы (N 45°50'48,47» E 062°25'06,42») |
| 77 | Орақ мұнарасы, 1918 ж. | қала құрылысы және сәулет | Қожабақы ауылынан солтүстікке қарай 6 шақырым (N 45°41'32,51» E 061°46'20,55») |
| 78 | Келімбет кесенесі, 1898 ж. | қала құрылысы және сәулет | Аранды ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым, Қожабақы ауылынан батысқа қарай 6,5 шақырым (N 45°37'04,16» E 061°41'18,21») |
| 79 | Сарыбайқазған мұнарасы, XVIII ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 54 шақырым (N 44°52'31,24» E 062°17'47,54») |
| 80 | Сырлыбай кесенесі, 1891 ж. | қала құрылысы және сәулет | Өркендеу ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11 шақырым (N 45°32'52,91» E 061°48'56,42») |
| 81 | Мұнара № 40, XVIII ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 27,5 шақырым (N 45º23′00,2″ E 062º35′07,9″) |
| 82 | Байсын кемпір кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 17 шақырым (N 45º02′55,1″ E 062º50′36,0″) |
| 83 | Қуат кесенесі, XIX ғ. басы | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 15 шақырым (N 45°03'54,29» E 062°50'13,00») |
| 84 | Кәрібай кесенесі, XX ғ. басы | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 27 шақырым (N 45°22'01,57» E 062°34'03,85») |
| 85 | Манас кесенесі, XVIII ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 32 шақырым (N 44°55'11,38» E 062°51'54,78») |
| 86 | Манас зиратындағы № 65 сағана құлпытасымен, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 32 шақырым (N 44º55′11,6″ E 062º51′54,5″) |
| 87 | Манас зиратындағы № 66 сағана (Шалбай кесенесі), XX ғ. басы | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 32 шақырым (N 44°55'09,11» E 062°51'54,22») |
| 88 | Манас зиратындағы № 67 сағана (Күнберген кесенесі), XX ғ. басы | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 32 шақырым (N 44°55'08,48» E 062°51'54,33») |
| 89 | Манас зиратындағы № 68 сағана (Қожахмет кесенесі), XIX-XX ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 32 шақырым (N 44°55'07,97» E 062°51'54,46») |
| 90 | Үшназар қорымындағы Ақназар кесенесі, XVIII ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сарыбұлақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 35 шақырым (N 45°23'15,36» E 062°27'52,91») |
| 326 | Абылай хан бюсті, 1996 ж. | монументтік өнер құрылысы | Абай даңғылы, 56 (N44°49'14,46» E065°31'01,84») |
| 327 | Ыбырай Алтынсарин бюсті, 1996 ж. | монументтік өнер құрылысы | Камалов көшесі, 39А (N44°52'12,38» E065°28'01,66») |
| 328 | Әлия Молдағұлова бюсті, 1997 ж. | монументтік өнер құрылысы | Көкенов көшесі, н/з (N44°52'30,46» E065°27'41,46») |
| 329 | Аманкелді Иманов ескерткіші, 1999 ж. | монументтік өнер құрылысы | Мұхтар Әуезов көшесінде орналасқан (N 44°50'33,90» E 065°29'43,34») |
| 330 | Мұхтар Әуезов ескерткіші, 2000 ж. | монументтік өнер құрылысы | Мұхтар Әуезов көшесінде орналасқан (N 44°50'24,82» E 065°29'46,04») |
| 331 | Жазушылар композициясы (Қ.Мұхамеджанов, Ә.Тәжібаев, З.Шүкіров), 2003 ж. | монументтік өнер құрылысы | Ы. Жақаев көшесінде орналасқан (N 44°50'10,76» E 065°30'16,41») |
| 332 | Зейнолла Шүкіров бюсті, 2003 ж. | монументтік өнер құрылысы | Зейнолла Шүкіров көшесі, 101 (N44°49'46,72» E065°31'41,44») |
| 333 | Темірбек Жүргенов бюсті, 2005 ж. | монументтік өнер құрылысы | Ақмешіт мөлтек ауданы, №136 Темірбек Жүргенов атындағы мектеп-лицейдің ауласында орналасқан (N 44°51'05,81" E 065°28'14,15») |
| 334 | Мұстафа Шоқай бюсті, 2005 ж. | монументтік өнер құрылысы | Мұстафа Шоқай көшесі, 147 (N44°49'41,48» E065°31'55,51») |
| 335 | Сұлтанбек Қожанов бюсті, 2005 ж. | монументтік өнер құрылысы | Абай даңғылы, 35 (N 44°49'38,36" E 065°30'51,10») |
| 336 | Жәлел Қизатов бюсті, 2005 ж. | монументтік өнер құрылысы | Әбілхайыр хан көшесі, 36А (N44°50'15,48» E065°29'54,19») |
| 337 | Шахмардан Есенов бюсті, 2008 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шахмардан Есенов көшесі, н/з (N44°49'39,43» E065°30'09,90») |
| 338 | Тәкей Есетов бюсті, 2013 ж. | монументтік өнер құрылысы | Сұлтан Бейбарыс көшесі, 5 (N44°47'15,00» E065°31'10,91») |
| 339 | Сүлеймен Есқараев бюсті, 2013 ж. | монументтік өнер құрылысы | Нұрмақов көшесі, 1 (N44°50'38,88» E065°29'11,80») |
| 340 | Мұстақым Ықсанов бюсті, 2014 ж. | монументтік өнер құрылысы | Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 16 (N44°47'24,27» E065°31'44,67») |
| 341 | Еркін Әуелбеков бюсті, 2015 ж. | монументтік өнер құрылысы | Тасбөгет кенті, Аманкелді Иманов көшесі, 25 (N44°46'15,96» E065°32'19,08») |
| 342 | Мұхамедғали Сужиков бюсті, 2015 ж. | монументтік өнер құрылысы | Орынбай Жанаділов көшесі, 15 (N44°51'10,51» E065°30'01,58») |
| 343 | Батырхан Шөкенов ескерткіші, 2018 ж. | монументтік өнер құрылысы | Батырхан Шөкенов атындағы саябақта орналасқан (N 44°50'41,18» E 065°29'49,30») |
| 344 | Роза Бағланова ескерткіші, 2021 ж. | монументтік өнер құрылысы | Ыбырай Жақаев көшесі, н/з (N44°50'30,08» E065°30'10,81») |
| | Шиелі ауданы | | |
| 345 | Нәнсай қалашығы, орта ғасыр дәуірі | археология | Бала би ауылынан солтүстікке қарай 7,5 шақырым (N 44°24'27,08» E 066°32'8,94») |

5-бет

# Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 346 | Жер асты жолы, уақыты белгісіз | археология | Бала би ауылынан солтүстік-батысқа қарай 10,5 шақырым (N 44°24’05,92» E 066°25’01,68») |
| 347 | Рабат-1 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ. | археология | Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 17 шақырым (N 44°43’43,70» E 066°17’05,80») |
| 348 | Рабат-2 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ. | археология | Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 18 шақырым (N 44°42’53,10» E 066°18’46,90») |
| 349 | Рабат-3 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ. | археология | Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырым (N 44°42’15,50» E 066°19’01,80») |
| 350 | Рабат-4 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ. | археология | Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 21 шақырым (N 44°42’25,10» E 066°19’47,50») |
| 351 | Рабат-5 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ. | археология | Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 26 шақырым (N 44°42’03,20» E 066°20’54,90») |
| 352 | Тастөбе (Тазтөбе) қалашығы, орта ғасыр дәуірі | археология | Жаназар батыр ауылынан батысқа қарай 26 шақырым (N 44˚42’08,11» E 066˚04’30,50») |
| 353 | Мортық бекіністі мекен, X-XIV ғ.ғ. | археология | Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 11 шақырым (N 44°45’13,40» E 066°11’19,20») |
| 354 | Қызылтам қалашығы, XII-XIX ғ.ғ. | археология | Ортақшыл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4,5 шақырым (N 44˚13’22,03» E 066˚33’9,41») |
| 355 | Ақтөбе қалашығы, VIII-XIII ғ.ғ. | археология | Ортақшыл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым (N 44°14’23,90» E 066°31’32,72») |
| 356 | Бестам қалашығы, X-XIV ғ.ғ. | археология | Жиделі ауылынан солтүстікке қарай 5 шақырым (N 44°17’40» E 066°46’47») |
| 357 | Сұлутөбе қалашығы, XVIII-XIX ғ.ғ. | археология | Сұлутөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2,5 шақырым (N44°38’28,95» E66°04’19,23») |
| 358 | Есабыз кесенесі, XX ғ. | киелі объекті | Бәйгеқұм ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым ( N44°17’17,32» E 066°32’15,87») |
| 359 | Су қыспақты мұнара, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Бәйгеқұм теміржол стансасы (N 44˚18’46,13» E 066˚28’29,66») |
| 360 | Бақты ата мазары, XVII-XVIII ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Қызылқайың ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 800 метр (N 44°08’55,42» E 066°25’26,02») |
| 361 | Су қыспақты мұнара, 1904 ж. | қала құрылысы және сәулет | Сұлутөбе теміржол стансасы (N 44˚38’4,73» E 066˚2’48,18») |
| 362 | Мақұлтам кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Сұлутөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 81 шақырым (N 45°12’43,87» E 066°40’04,79») |
| 363 | Оразай ишан кесенесі, XVIII ғ. | киелі объекті | Сұлутөбе ауылынан оңтүстік-шығысқа 10,5 шақырым (N 44°32’35,40» E 066°04’26,44») |
| 364 | Теміржол вокзалы ғимараты, XX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Шиелі теміржол стансасы (N 44˚10’19,51» E 066˚44’6,24») |
| 365 | Ахмет ишан кесенесі, XX ғ. | киелі объекті | Сұлутөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 179 шақырым (N 46°02’29,32» E 067°09’07,27») |
| 366 | Мұстафа Шоқай ескерткіші, 1998 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шиелі кентінің орталық алаңында орналасқан (N 44°10’03,71» E 066°44’10,69») |
| 367 | Қабыл ата кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Қызылқайың ауылынан оңтүстікке қарай 13 шақырым (N 44°02’01,84» E 066°27’56,71») |
| 368 | Ыбырай Жақаевтың қабіріне қойылған ескерткіш, 1984 ж. | қала құрылысы және сәулет | Ыбырай Жақаев ауылы, Ыбырай Жақаев көшесі, н/з. (N 44°10’20,5» E 066°41’46,9») |
| 369 | Нартай Бекежанов мемориалдық өнер музейі ғимараты, 1993 ж. | қала құрылысы және сәулет | Нартай Бекежанов ауылы, Нартай Бекежанов көшесі, 5 (N 44°11’34,49» E 066°47’03,05») |
| 370 | Ғайып ата кесенесі, IX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Бәйгеқұм ауылынан шығысқа қарай 5 шақырым (N 44°17’18,80» E 066°32’16,30») |
| 371 | Қыш ата кесенесі, уақыты белгісіз. | қала құрылысы және сәулет | Бәйгеқұм ауылынан шығысқа қарай 5 шақырым (N 44°17’18,80» E 066°32’11,90») |
| 372 | Ақтай кесенесі, 1926-1927 ж.ж. | қала құрылысы және сәулет | Сұлутөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 100 шақырым (N45°09’27,20» E066°46’51,60») |
| 373 | Су қыспақты мұнара, XX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Шиелі кенті, Дәулеткерей көшесі, н/з. (N44°10’20,45» E066°44’03,19») |
| 374 | Азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Шиелі патриоттарына орнатылған ескерткіш, 1967 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шиелі кенті, Кәрімбаев көшесі, н/з. (N 44°09’59,73» E 066°44’12,15») |
| 375 | Нартай Бекежанов ескерткіші, 1990 ж. | монументтік өнер құрылысы | Нартай ауылы, Нартай көшесі, 5 (N044°11’34,49» E066°47’02,40») |
| 376 | Шахмардан Есенов бюсті, 1998 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шиелі кенті, Көкшоқы шағын ауданы, Исатай Әбдікәрімов көшесі, 8 (N44°11’27,45» E066°43’36,44») |
| 377 | Ыбырай Жақаев ескерткіші, 2011 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шиелі кенті, Ыбырай Жақаев саябағында орналасқан (N 44°11’08,95» E 066°44’41,81») |
| 378 | Иманжүсіп Құтпанұлы ескерткіші, 2014 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шиелі кентінде орналасқан (N 44°10’17,46» E 066°43’56,47») |
| 379 | Ғафур Мұхамеджанов бюсті, 2014 ж. | монументтік өнер құрылысы | Шиелі кенті, №270 Ғафур Мұхамеджанов атындағы орта мектептің ауласында орналасқан (N44°09’30,67» E066°45’33,94») |
| 380 | Мұстафа Шоқай бюсті, 2015 ж. | монументтік өнер құрылысы | Сұлутөбе ауылы, мәдениет үйінің алдында орналасқан (N44°38’03,94» E066°02’27,02») |
| 381 | Алма Қыраубаева бюсті, 2017 ж. | монументтік өнер құрылысы | 1 мамыр ауылы, №40 Алма Қыраубаева атындағы орта мектептің ауласында орналасқан (N44°36’45,52» E066°05’12,20») |
| 382 | Шахмардан Есенов бюсті, 2017 ж. | монументтік өнер құрылысы | Тартоғай ауылы, №153 Шахмардан Есенов атындағы мектеп-лицейдің ауласында орналасқан (N44°27’02,86» E066°15’07,47») |
| | Жаңақорған ауданы | | |
| 383 | Құмиян қалашығы, XII-XIII ғ.ғ. | археология | Келінтөбе ауылынан оңтүстік-батысқа 15,7 шақырым (N 43°23’46,92» E 067°17’33,07») |
| 384 | Өзгент қалашығы, XII-XVII ғ.ғ. | археология | Өзгент ауылынан батысқа 13 шақырым (N 43°44’6,53’’ E 067°4’54,75’’) |
| 385 | Талап жартас суреттері, б.д.д. II мыңжылдықтың соңы - I мыңжылдықтың басы | археология | Талап ауылынан оңтүстік-шығысқа 35 шақырым (N 44°04’51,55» E 067°48’17,82») |
| 386 | Майдамтал жартас суреттері, б.д.д. II мыңжылдықтың соңы - I мыңжылдықтың басы | археология | Талап ауылынан оңтүстік-шығысқа 10 шақырым (N 44°01’11,26» E 067°51’56,81») |
| 387 | Аққорған қалашығы, XIII-XIV ғ.ғ. | археология | Түгіскен ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1 шақырым (N 43°35’13» E 067°23’04») |
| 388 | Мейрамтөбе қалашығы, V-XIV ғ.ғ. | археология | Келінтөбе ауылынан солтүстік-батысқа қарай 8,1 шақырым (N 43°30’31,73» E 067°23’21,02») |
| 389 | Ордакент қалашығы, VI-XII ғ.ғ. | археология | Жаңақорған кентінен солтүстікке қарай 3,18 шақырым (N 43°56’59,64» E 067°15’45,80») |
| 390 | Балапантөбе қалашығы, VIII-XII ғ.ғ. | археология | Байкенже ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 14,4 шақырым (N 43°55’13,78» E 067°04’50,74») |
| 391 | Асарық қонысы, VIII-XIV ғ.ғ. | археология | Құттықожа ауылынан оңтүстікке қарай 150 метр (N 43°56’11,22» E 067°26’52,83») |
| 392 | Абызтөбе қалашығы, ортағасыр | археология | Қаратөбе ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5,3 шақырым (N 43°23’49,15» E 067°31’56,33») |
| 393 | Келінтөбе қалашығы, ортағасыр | археология | Келінтөбе ауылының оңтүстік-шығыс шетінде (N 43°27’24,19» E 067°28’04,51») |
| 394 | Қойлақы ата моласындағы ескерткіш тас, XII-XIII ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Түгіскен ауылынан солтүстік-батысқа қарай 7 шақырым (N 43°39’11,93» E 067°20’45,58») |
| 395 | Қылауыз ата кесенесі, XII ғ. | қала құрылысы және сәулет | Әбдіғаппар ауылынан батысқа қарай 10,5 шақырым (N 43°47’05,27» E 066°59’43,21») |
| 396 | Аққорған мазары, XVIII-XIX ғ.ғ. | қала құрылысы және сәулет | Түгіскен ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1 шақырым (N 43°35’19,96» E 067°22’39,25») |
| 397 | Бесарық стансасындағы су қыспақты мұнара, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Бесарық теміржол стансасы (N 43°35’18,72» E 067°38’44,03») |
| 398 | Теміржол вокзал ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Жаңақорған теміржол стансасы (N 43°54’0,08» E 067°14’47,15») |
| 399 | Бұрынғы оқу комбинаты ғимараты, 1904 ж. | қала құрылысы және сәулет | Жаңақорған кенті, Зұлпхар Мұсаханов көшесі, 2 (N 43°53’55,75» E 067°14’32,25») |
| 400 | Қасым ата кесенесі, XIX ғ. | қала құрылысы және сәулет | Әбдіғаппар ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 12,5 шақырым (N 43°46’23,92» E 066°58’09,25») |
| 401 | Көккесене сағанасы, XI ғ. | қала құрылысы және сәулет | Қожамберді ауылы (N 44°03’58,49» E 067°01’09,23») |
| 402 | Су қыспақты мұнара, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Төменарық ауылы, Рахманберді Бимұратов көшесі, н/з (N 44°01’37,78» E 067°01’08,79») |
| 403 | Жалаңаш ата кесенесі, XVI ғ. | қала құрылысы және сәулет | Кейден ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым (N 43°49’28,22» E 067°17’00,66») |
| 404 | Қарасопы кесенесінің жанындағы мешіт, 1895 ж. | қала құрылысы және сәулет | Жаңақорған кентінен оңтүстік-батысқа қарай 5 шақырым (N 43°50’59,24» E 067°13’52,96») |
| 405 | Теміржол вокзалы ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Төменарық станциясы, Бимұратов көшесі, 15 (N 44°01’38,89» E 067°01’11,66») |
| 406 | Теміржол вокзалы ғимараты, 1905 ж. | қала құрылысы және сәулет | Бесарық станциясы, Мешіт көшесі, н/з. (N 43°35’18,08» E 067°38’45,28») |
| 407 | Жеңістің 50-жылдығына арналған ескерткіш, 1995 ж. | монументтік өнер құрылысы | Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, 4 (N 43°53’57,63” E 067°14’30,51») |
| 408 | Құлан Алдабергенов бюсті, 2011 ж. | монументтік өнер құрылысы | Жаңақорған кенті, Құлан Алдабергенов көшесінде орналасқан (N43°55’18,28» E067°17’09,66») |
| 409 | Исатай Әбдікәрімов бюсті, 2013 ж. | монументтік өнер құрылысы | Қожакент ауылы, №168 Исатай Әбдікәрімов атындағы мектептің ауласында орналасқан (N43°41’10,50» E067°18’24,75») |
| 410 | Көкен батыр ескерткіші, 2014 ж. | монументтік өнер құрылысы | Жаңақорған кентінде орналасқан (N 43°55’18,48» E 067°16’40,18») |
| 411 | Александр Романов бюсті, 2015 ж. | монументтік өнер құрылысы | Төменарық ауылы, №53 Александр Романов атындағы мектептің ауласында орналасқан (N44°01’32,53» E067°00’48,94») |
| 412 | Қожамберді батыр ескерткіші, 2018 ж. | монументтік өнер құрылысы | Қожамберді ауылынан солтүстікке қарай 4,3 шақырымда орналасқан (N 44º06′03,68″ E 067º03′22,13″) |
| 413 | Манап Көкенов бюсті, 2018 ж. | монументтік өнер құрылысы | Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, н/з (N43°54’00,54» E067°14’32,53») |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
б.д. - біздің дәуіріміздің;
б.д.д. - біздің дәуірімізге дейінгі;
ғ. - ғасыр;
ғ.ғ. - ғасырлар;
ж. - жыл;
ж.ж. - жылдар;
н/з. - нөмірсіз.

## Қазанама

2024 жылдың 4 желтоқсан күні еңбек ардагері Алмасбек Сардарбекұлы Нұрмағамбетов дүниеден өтті.



А.Нұрмағамбетов 1953 жылы 27 ақпанда туған. Қызылорда педагогикалық институтын бітірген соң, еңбек жолын 1974 жылы сол кездегі Сырдария ауданы «Комсомол» ауылындағы №144 орта мектепте мұғалім болып бастаған.

1974-1980 жылдары Қазақстан ЛКСМ Сырдария аудандық комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, екінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1980-1991 жылдары кеңес, партия қызметтерінде болды. 1992-1997 жылдары Сырдария аудандық әкімшілігі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас маманы, аудан әкімі аппаратының жалпы бөлім меңгерушісі, жетекшісі. 1998-2005 жылдары облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының жетекші маманы, бұқаралық ақпарат құралдары және реформаларды насихаттау, қоғамдық бірлестіктермен жұмыс және жастар саясаты, әлеуметтік технологиялар бөлімдерінің, басқарма бастығының орынбасары-талдау және болжам жасау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

2005-2015 жылдар аралығында облыстық тілдерді дамыту, 2015-2017 жылдары облыстық ішкі саясат, 2017-2021 жылдары облыстық жастар саясаты мәселелері басқармаларында түрлі лауазымдарда еңбек етті.

Өңірде ақпарат және қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік орган – облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы алғаш ашылғанда құрылымының жүйеленуіне, жұмысының қалыптасуына айрықша үлес қосты. Үкіметтік емес ұйымдар бірлестігінің құрылуына, Тілдерді дамыту орталығының ашылуына атсалысты, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, жастар саясатын белсенді жүргізу бағытындағы жұмыстарды үйлестірді.

Өмір мектебінде шыңдалып, еңбегімен құрметке бөленді. Зейнетке шықса да қоғамдық жұмыстардан шет қалмады. Азаматтық ұстанымымен, іскерлігімен, мол тәжірибесімен көпке үлгі болды.

Өлшеусіз еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып көптеген мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталарымен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің арнайы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Алмасбек Сардарбекұлы мемлекеттік қызметтің түрлі сатысынан өткен тәжірибелі маман ретінде жас буынға ақылшы аға бола білді. Пайым-парасатымен өнеге көрсеткен ардақты азаматты оны білетіндер ұзақ уақыт есте сақтайды. Ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай!

**Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы**

## Жаныңыз болсын жұмақта

Осыдан қырық күн бұрын отбасымыздың тірегі, бауырларының жанашыры, балаларына – ардақты әке, мейірбан ата, асыл жар Өтеев Мнажадин Сражадинұлы өмірден өтті.



Өз ортасы мен ағайын-туысқа сыйлы, көргені мен көңілге түйгені көп, жан-жағына ақ тілегін аямай, қолынан келген жақсылықтың бәрін жасауға дайын тұратын ақеден жан еді. Көзкөргеннің барлығы оның іскерлігі мен тазалығына, отбасына қамқорлығы мен жан-жағына деген ізетіне сүйсінетін. Бала-шағасын аяқтандырып, немерелеріне деген өзінің аталық мейірімін аямай, әрқайсысын бір төбе етіп отыратын. Елге сыйлы, еңбекте қадірлі болған ардақты жанды өмірден өтті демесеңіз, артында қалған ұрпағымен абырой-беделі мың жасай бермек.

Келетін Әкеміз жоқ күліп күнде,
Боларын дәл осылай біліппін бе?

Қара жер, қабір –
мәңгі мекеніне,
Барғалы өтті Әкешім
қырық күн де.

Әкеге енді қызмет қыла
алмаймыз,
Қараңғы қабіріне кіре
алмаймыз.
Қырық күндік асына кел,
ағайын,
Ас беріп, Әкемізге
дұға арнаймыз, –

дей отырып, ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран және барша көзкөрген жамағатқа әкеміз Мнажадин Сражадинұлының 40 күндік асының 13 желтоқсан күні, сағат 12.00-де Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, «Наурыз» мейрамханасында өтетінін хабарлап, қасиетті Құран ішінде болуға шақырамыз!

Еске алушылар: **Өтеевтер әулеті**

## 2025 жылдың I жартыжылдығына Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Қабылдау жүргізу орны | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| АМАНОВ Ғани Мырзағабылұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы | Әр аптаның бейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №401 | +7 (7242) 23-81-14 |
| БЕКІШЕВ Әділбек Ерғалиұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Әр аптаның сейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №402 | +7 (7242) 23-81-14 |
| БЕКШИН Куанышбек Махметұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Әр аптаның сәрсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі, 16 Каб №209 | +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 (4004) |
| ЕЛШІБЕКОВ Еркін Кеңесбекұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Әр аптаның дүйсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №411 | +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 (4050) |

* Қабылдауға жазылу +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 ішкі (4050), (4004) телефондары және dgd.kyzylorda@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

## Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

1) Жобаның атауы:

- 2025 жылға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ көздерінен атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығындылары нормативтерінің жобасына түзету енгізу;

2) Аумағында ықпал етілуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі:

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ келісім-шарттық аумағы (Құмкөл және Шығыс Құмкөл кен орындары) Торғай ойпатының оңтүстік бөлігінде орналасқан және әкімшілік жағынан Қазақстан Республикасы Ұлытау облысы аумағында орналасқан.

Бұл – су артериялары мен тұрақты елді мекендері жоқ дала ауданы. Ең жақын елді мекендер Қызылорда қаласы (180 км.) және Жезқазған қаласы (280 км.) болып табылады.

3) Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты:

Қызылорда қаласы, Ш.Есенов көшесі, 1 А («ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас кеңсесі), 2025 жылғы 13 қаңтар, 11 сағат 00 минут.

4) Көзделіп отырған қызметтің бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ
ЕҚ және КОҚ бөлімінің бастығы
Елубаев Марат Исатайұлы
e-mail: myelubayev@turgai.kz
Телефон: (7242) 26-15-17; 27-18-74

5) Жобаларды жасаушылардың деректемелері мен байланыс деректері:

«Алия и Ко» ЖШС, Қазақстан Республикасы
Заңды және нақты мекенжайы:
Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр көш 74В
Тел.: 8 (7132) 950-929, 755-902
aliya_pt80@mail.ru
Директор Баудиярова Гульсум Кожахметовна

6) Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме және қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін жарияланған қоғамдық тыңдау хаттамасымен танысуға болатын ресми интернет-ресурс:

Жаңа тыңдауларды құру – БЭП (ecoportal.kz)

7) көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжайы және телефон нөмірі (-лері):

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ
ЕҚ және ҚОҚ бөлімінің бастығы
Елубаев Марат Исатайұлы
e-mail: myelubayev@turgai.kz
Телефон: (7242) 26-15-17; 27-18-74

8) қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша немесе электрондық нысанда жібере алатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:

1. Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1. Байланыс телефондары + 7 (7242)60-53-62, 60-53-69.

E-mail: Prd@korda.gov.kz

## Іздеу салады

Қызылорда қаласы Камалов көшесі №68 үй тұрғыны, 1966 жылдың 21 сәуірінде туылған Сулейменов Рустембек Мухатовичті 2021 жылдың 5 мамырынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты зайыбы Рысмаханова Аягуз Шымпатовна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2024 жылдың 2 желтоқсандағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса мына телефондарға хабарласу сұралады: 8 777 199 23 61, 8 777 663 60 57.




# ЖАРҚ ЕТКЕН ЖАСЫНДАЙ ЖЫРЛАРЫ



Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің және «Ширкейлі» ауылдық округі әкімі аппаратының қолдауымен «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында Қалтай Мұхамеджанов атындағы ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен белгілі ақын Нұрмұхаммед Әбілқасымовтың шығармашылығына арналған «Мен өмірді сүйемін пәк жүрекпен» атты облыстық көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы болып өтті.

Байқаудың бірінші бөлімі бойынша «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығының «Сұхбат тайм» жобасы аясында «Ең алғашқы...» тақырыбында кейіпкермен қызықты сұхбат жүргізілді. Мұнан кейін жеткен жетістіктері, алған асулары негізінде «Креативті хаб» жобасы бойынша дайындалған арнайы бұрыш таныстырылды.

«Арт уақыт» жобасы аясында шахматшылар турнирі ұйымдастырылды. Турнирге 8 талапкер қатысып, нәтижесінде I орынды Кеңесов Нұрислам, II орынды Рашид Байдәулет, III орынды Үсенұлы Байдәулет иеленді.

Байқау «Тағдырмен ымыра...» тақырыбындағы прологпен ашылды. Мұнан кейін ауыл әкімі Т.Құламқадіров облыс әкімінің құттықтау хатын табыстады. Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің міндетін атқарушы Жеңіс Үсенұлы, «Мәді қажы» ЖШС директоры Ж.Нұрымбетов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Нұрмұхаммед Әбілқасымов – Сырдария ауданының Құрметті азаматы, Б.Момышұлы атындағы «Намыс» төсбелгісінің иегері, «Шабыт» жастар фестивалінің дипломанты, «Алтын қауырсын» номинациясының лауреаты, «Жаншуақ» қоғамдық сыйлығының, «Тұран» сыйлығының иегері, шахматтан мүмкіндігі шектеулі жандар арасында облыс жеңімпазы, облыс әкімінің стипендианты, «Тасжарған», «Тағдырымның жанары» кітаптарының авторы. «Бойым – ауру, ойым – сау» деп тағдырға тік қарайтын ақын өлеңдері оқушысына рух қуатын сыйлайды, өмірді сүюге үндейді.

Байқауда оқылған осы мазмұндағы жыр шумақтары жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді.

Сайыс қорытындысы бойынша «Мәді қажы» ЖШС демеуші болған бас жүлде тағдырлы өлеңді жүрек үнімен жеткізген қармақшылық Гүлфариза Шакароваға бұйырды. I орын қазалылық Бекжан Нұрманға, II орын ширкейлілік Нұрсұлтан Құдайбергеновке, III орын ақынның тағы бір ауылдасы Дияс Асанов пен Шиеліден келген Сафуан Көрегеновке тиесілі болды.

Байқауға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы, Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің бас редакторы Аружан Мұхамбетқалиқызы, «Дала дидары» халықтық мәдени-үгіт бригадасының жетекшісі Думан Көшекбаев қазылық жасады.

Байқау соңында ақынның әкесі, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қанатбек Әбілқасымов шараны ұйымдастырушылар мен қатысушыларға алғыс білдірді.

**Д.БЕРКІНБАЕВ**

# ҚАРТ БАҒБАННЫҢ БЕРЕКЕСІ

Гажденбек ата өзі еккен жемістен, дәм татқызды. Бақты көргенде бағбанның ісіне сүйсінесің. Бүгінде жұмыс жоқ деген сылтауды желеу етіп жалқаулықтан ажырай алмай жүрген жастар көп. Бұл ретте сексен төрттегі қарияның ісі көпке үлгі.

Оның балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келді. Жастайынан бейнет кешті, еңбек жолы колхозда басталып, мал шаруашылығында жұмыс істеді. Алдымен «Қоғалыкөл», кейін «Бесарық» ауылында қой бақты. Баймұрат батыр ауылына қоныстанып, сол жерде де кәсібін жалғастырды.

– Үш ауылда бас-аяғы 35 жыл қой бақтым. Сол жұмыстан зейнетке шықтым, – деген ата әңгімесін әріден бастады.

Жасы келсе де еңбектен қол үзбеген қария бүгінде немере-





шөберелері үшін жеміс-жидек пен көкөністің түр-түрін өсірумен айналысады.

– Зейнетке шыққан кезде ауылдың жері пайға бөліне бастады. Әкімшіліктің енді құрылып жатқан тұсы. Содан өзіме тиесілі жерімді алдым. Бірақ пайдалануға келгенде көп ойландым. Себебі бұрын-соңды егіншілікпен айналысып көрмегенмін. Бала кезімде үлкен атам бақша егетін. Сол кісіге еріп жүріп, жеміс ағаштарын баптауға қолғабыс еткенім, атамнан үйренгенім, көргенім бар. Жерді игеру үшін бағбандықпен айналыса бастадым. Оның үстіне отбасым үлкен, балаларым да жас болды, – дейді қария.

Бүгінде оның ауласында жүзімнің қырық түбі бар. Онан бөлек, бірнеше түп алмұрт, қараөрік, алма ағаштары да жеміс береді. Ауласының бір бөлігіне қызыл бұрыш, қияр мен қызанақ, қауын өсіріп, өнімін алады. Ауыл халқы да үйренген, жеміс-жидек керек болса, тапсырыспен алдыртатын көрінеді. Жеміс ағаштарының күтімін Гажденбек ата өзі жасайды. Отағын жұлып, уақытылы суару, бәрі-бәрі өзінің қолынан өтеді. Қыс түскенше жерді дайындап, жүзімін жапса, көктемде бақша дақылдарын егеді. Ол кісінің айтуынша, бір жағынан еңбек адамды өсірсе, екінші жағынан оның жасындағы адам үшін қимыл-қозғалыс өте пайдалы.

– Бұл жеміс ағаштарынан бөлек 21 түп абрикос әкеліп өсіргенмін. Бірақ бізге жерсінбеді. Қазір оның 2 түбі ғана қалды. Өзіміздің жерге үйренген жергілікті жүзім, алма, алмұрт ағаштары дұрыс екен. Барлығы жеміс беріп тұр. Балаларым жеген сайын қуанамын. Ауылда тұрған соң мал ұстап, егін егіп, бақша баптаған дұрыс деп ойлаймын.

Кейде менің ағаш баптап, көкөніс еккеніме қарап балаларым «үйде отыр, өзіңді күт» деп жиі айтады. Мен үшін таза ауада, қозғалыста жүрген пайдалырақ. Осы бақшаның тірлігін істеп, уақытымның қалай өткенін білмей қаламын, – дейді ақсақал.

Жасы 84-ке келсе де еңбектен қол үзбеген Гажденбек ата немерелерін де бағбандыққа баулып жүр.

– Халқымыз «Баптай білсең, жер жомарт» демей ме?! Осы қағиданы ұстанып, жерді өңдеп, маңдай терімізді төгеміз. Шүкір деймін, жыл сайын еңбегімізге қарай несібемізді көріп келеміз. Немерелерім де еңбектің нанының тәтті екенін біліп өссе деймін, – деген ол әңгіме арасында жастарды адал жолмен нан табуға, елдің жанашыры болуға шақырды.

– Қазір жұмыс жасаймын деген адамға барлық мүмкіндік бар. Жанына қажеттінің бәрін табуға болады. Бірақ дайын нәрсеге үйір болмауымыз керек. Адал еңбек етсең ғана кез келген нәрсенің берекесі болады. Жастар осыны түсінсе екен, – деді тағы бір сөзінде.

Қарт бағбан мен Гүлнаш апаның 11 баласы, 30 немересі, 12 шөбересі бар. Перзенттері өмірден өз орнын тапқан, барлығы сан саланың білікті мамандары.

Атаның еңбекқорлығына, жайқалған бағына қарап кішіге жол көрсетер үлкендердің болғаны қандай жақсы деп ойлайсың. Бақытын еңбектен тапқан қариядан бата алып, жолға шықтық.

Еңбек адамы қашанда барлық құрметке лайық. Оның өнегесі өміршең.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,**
**«Сыр бойы»**

1-бет

ОЗЫҚ ТӘСІЛ



Қызылордада инновациялық әдіспен мал азығы өндіріле бастады. Оның ерекшелігі – топырақты қажет етпейтінінде. Зоотехник Өміржан Қашқынбаевтың тың идеяны қолға алғанына бір ай да өткен жоқ. Соған қарамастан цехта жем-шөп әлден қаулап өсіп тұр.

# ЕРЕКШЕ ӘДІСПЕН ӨНДІРІЛГЕН МАЛ АЗЫҒЫ

Топырақ пайдаланбай-ақ құрама жемге балама бола алатын экологиялық таза өсімдік өсіру тәсілін ғылымда «гидропоника» дейді. Агрономдар бұл әдісті мал шаруашылығы үшін тиімді деп есептейді. Өнім құнарлы әрі сапалы болғандықтан сіңімділігі де жоғары көрінеді. Мұны цех өкілдері өздері жүргізген экспериментке сүйеніп растап отыр.

– Тәжірибе ретінде цех ауласында сиыр мен бөдене ұстап, қоректендіріп, бұларға қаншалықты әсер ететінін байқап көрдік. Күніне небәрі екі-ақ литр сүт беретін ірі қарада үш күннен кейін өзгеріс біліне бастады. Бастапқыда үш, сосын төрт-бес литрге дейін көбейді. Ал бөдене біраздан бері жұмыртқа басуды қойған екен. Үш күннен кейін ол да өндіріп басатын болды. Жұдырықтай ғана құстың еті де, жұмыртқасы да мың түрлі дертке дауа екенін өзіңіз жақсы білесіз. Голландық ешкі ұстайтындарды білем. Қызылордаға әкелгесін, біріншіден, климаты, екіншіден, жем-шөбі жақпай өнімділігі азайып кеткен. Біздің өнім – бұл ретте таптырмас қорек, – деді Өміржан Қашқынбаев.

Жаңа технологияның тиімділігі сол, жер жыртып, қара терге түсудің қажеті жоқ. Жем-шөп егіп, оны күтіп-баптап, жинау үшін қыруар жұмыс күші, техника, жанар-жағармай керек. Кейіпкеріміз осының бәрін цехта айналдырған екі адам атқарып келе жатқанын жеткізді.

Цех технологы Айдос Беркінбаев күнделікті жұмысы ауа температурасын қадағалап, желдеткіштерді қосудан басталатынын айтты. Гидропоника әдісі бойынша әр қатарда есеппен салынады. Артық-кем болып кетсе, егілген өнімді көгертіп алуымыз мүмкін. Өсімдік те адам сияқты тыныс алады, күтімді қажет етеді. Мұның бәрі – атам мен әкемнен көріп, үйренгенім. Ол кісілер гектарлап бақша еккен. Мен де сол кісілердің жолын жалғап келемін, – дейді технолог.

Гидропоника тәсілімен егілген шөпті мал-құс тамырымен жейді. Тамыры протеинге бай болғандықтан мұны деликатес деуге болады. Ерекше әдіспен өсірілген мал азығы ет, сүт өнімділігіне әсер етеді. Дегенмен, ол мал мен құстың күнделікті рационының 70 пайызынан аспауы керек. Былай қарасаңыз, адамның дәрумен тұтынғаны сияқты.

– Бидай өскінін шырын сыққышқа салып, одан шыққан шырынды капсулаға айналдырып, адамдарға ұсынуға болады. Қазіргі күні соны сертификаттау бағытында жұмыс атқарылып жатыр, – дейді Өміржан Қашқынбаев.

Кейіпкеріміз осылайша алдағы уақытта витграсс немесе бидай өскіндерінен әзірленетін шырын өндірісін қолға алуды көздеп отыр. Бұл өнім тағам саласында кеңінен қолданылады. Өскін құрамында хлорофилл, жасушалар, Е дәруменімен антиоксиданттар бар. Витграс асқазан-ішек жолдары аурулары үшін пайдалы. Сонымен қатар қышқыл-сілті теңгерімі мен қандағы қант деңгейін бір қалыпта ұстауға әсер етеді.

Цехта тұқымды жасанды жарықтандыру, автоматты су бүрку, озонатор, бульбулятор және басқа технологияларды қамтитын арнайы гидропондық аппарат бар. Ол тәулігіне



шаршы тәріздес секцияға бөлінген ыдыстар орналастырған. Бидайды (оның орнына басқа да дәнді дақыл түрін қолдануға болады) әбден жуып тазалағасын қолайлы жағдай жасап, осында өсіруге кіріседі. Нәтижесінде бір апта ішінде дәнді дақыл шөпке айналады.

– Бидай бес рет жуылады. Микроб, иіс жоқ, таза. Тамыр протеині, оның үстінде шөп өсіп тұр. Құрамындағы заттар таразы арқылы өлшеніп, дәл 50 түлікті азықтандыруға жететін немесе 200 келі өнім өндіруге қабілетті. Келісі – бар-жоғы 100 теңге. Жарнамасы жетпегендіктен бе әлде халық тиімділігін әлі түсіне қоймады ма, кеңінен нарыққа шығару сәл қиын соғып тұр.

**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы»**
**Суреттерді түсірген:**
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Жарнама.
Жарнама.
Жарнама

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.




E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22979 | Тапсырыс №1909 | Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**